

Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Қырғыз Республикасының Үкіметі арасындағы Қазақстан Республикасы азаматтарының Қырғыз Республикасының аумағында және Қырғыз Республикасы азаматтарының Қазақстан Республикасының аумағында болу тәртібі туралы келісімге қол қою туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 11 мамырдағы № 603 Қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Қырғыз Республикасының Үкіметі арасындағы Қазақстан Республикасы азаматтарының Қырғыз Республикасының аумағында және Қырғыз Республикасы азаматтарының Қазақстан Республикасының аумағында болу тәртібі туралы келісімнің жобасы
мақұлданды.

2. Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрі Қалмұханбет Нұрмұханбетұлы Қасымовқа қағидаттық сипаты жоқ өзгерістер мен толықтырулар енгізуге рұқсат бере отырып, Қазақстан Республикасының Үкіметі атынан Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Қырғыз Республикасының Үкіметі арасындағы Қазақстан Республикасы азаматтарының Қырғыз Республикасының аумағында және Қырғыз Республикасы азаматтарының Қазақстан Республикасының аумағында болу тәртібі туралы келісімге қол қоюға өкілеттік берілсін.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

<i>Премьер-Министрі</i>	<i>Қазақстан Республикасының</i>
<i>Қазақстан</i>	<i>К. Мәсімов</i>
<i>Үкіметінің</i>	<i>Республикасы</i>
2012 жылғы	11 мамырдағы
№ 603	қаулысымен
мақұлданған	
Жоба	

**Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Қырғыз Республикасының Үкіметі арасындағы Қазақстан Республикасы азаматтарының Қырғыз Республикасының аумағында және Қырғыз Республикасы азаматтарының Қазақстан Республикасының аумағында болу тәртібі туралы
КЕЛІСІМ**

Бұдан әрі «Тараптар» деп аталатын, Қазақстан Республикасының Үкіметі мен
Қырғыз Республикасының Үкіметі,
Тараптар мемлекеттерінің арасындағы достық қатынастарды одан әрі дамыту, өз
азаматтарының сапарларын құқықтық реттеу мақсатында,
1997 жылғы 8 сәуірдегі Қазақстан Республикасы мен Қырғыз Республикасының
арасындағы мәңгілік достық туралы шарттың ережелері мен қағидаттарын назарға ала
о т ы р ы п ,
бір Тарап мемлекеті азаматтарының басқа Тарап мемлекетінің аумағында болуы
үшін қолайлы жағдайлар жасауға ниет білдіре отырып,
төмендегілер туралы келісті:

1-бап

Басқа Тарап мемлекетінің аумағында уақытша жүрген бір Тарап мемлекетінің
азаматтары келген мемлекетінің ұлттық заңнамасына сәйкес уәкілетті органында
т і р к е л у г е м і н д е т т і .

Бір Тараптың азаматтарын тіркеу кіру Тарапы мемлекетінің мемлекеттік шекарасын
кесіп өткен сәттен бастап 90 тәуліктен аспайтын мерзімге жүргізіледі және осы Тарап
мемлекетінің ұлттық заңнамасына сәйкес дәл осындай мерзімге ұзартылуы мүмкін.

2-бап

Осы Келісімді іске асыру жөніндегі уәкілетті органдар:
Қазақстан Республикасының Үкіметінен – Қазақстан Республикасының Ішкі істер
м и н и с т р л і г і ,
Қырғыз Республикасының Үкіметінен – Қырғыз Республикасының Үкіметі
жанындағы Мемлекеттік тіркеу қызметі.

3-бап

Бір Тарап мемлекетінің азаматтары Тараптар мемлекеттерінің шекараларындағы
халықаралық қатынас үшін ашық өткізу пункттері арқылы екінші Тараптың аумағына
келеді, кетеді және транзитпен жүреді.

4-бап

Бір Тарап мемлекетінің азаматтары мынадай жарамды құжаттар бойынша басқа
Тарап мемлекетінің аумағына кіре алады (шыға алады):
Қазақстан Республикасы үшін:
1. Қазақстан Республикасы азаматының жеке куәлігі.
2. Қазақстан Республикасы азаматының паспорты.

3. Д и п л о м а т т ы қ п а с п о р т .

4. Қ ы з м е т т і к п а с п о р т .

5. Т ең і з ш і н ің ж е к е к у ә л і г і .

6. Қазақстан Республикасына оралуға арналған куәлік (тек Қазақстан Республикасына оралу үшін).

7. Қазақстан Республикасының азаматтығына тиесілілігін көрсете отырып, 16 жасқа толмаған балалар үшін анықтама-жапсырмасы бар (суреті бар) туу туралы куәлік.

Қ ы р ғ ы з Р е с п у б л и к а с ы ү ш і н :

1. Д и п л о м а т т ы қ п а с п о р т .

2. Қ ы з м е т т і к п а с п о р т .

3. Қырғыз Республикасы азаматының паспорты (ID-карта).

4. Қырғыз Республикасы азаматының жалпыазаматтық паспорты.

5. Теңізшінің паспорты (кеме рөлі бар болса – одан үзінді).

6. Қырғыз Республикасына оралуға арналған куәлік (тек Қырғыз Республикасына оралу үшін) .

7. Қырғыз Республикасының азаматтығына тиесілілігін көрсете отырып, 16 жасқа толмаған балалар үшін анықтама-жапсырмасы бар (суреті бар) туу туралы куәлік.

5-бап

Бір Тарап мемлекетінің азаматтары басқа Тарап мемлекетінің аумағында болған уақытта келген жерінде оның ұлттық заңнамасын сақтауға міндетті.

6-бап

Осы Келісім Тараптар мемлекеттері әрқайсысының басқа Тарап мемлекетінің өз аумағында болуы қолайсыз деп саналатын азаматтарының келуінен бас тарту немесе олардың болу мерзімін қысқарту құқықтарын шектемейді.

7-бап

1. Ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету мақсатында Тараптардың әрқайсысы осы Келісімнің қолданысын толығымен немесе ішінара тоқтата тұруға құқылы. Бір Тарап осы Келісімнің қолданысын тоқтата тұру туралы хабарламаны дипломатиялық арналар арқылы басқа Тарапқа қолданысын тоқтата тұру күніне дейін 72 сағаттан кешіктірмей ж і б е р е д і .

2. Осы Келісімнің қолданысын қайта бастау туралы шешім қабылдаған Тарап, осы Келісімнің қолданысын қайта бастау күніне дейін 72 сағаттан кешіктірмей қолданысын қайта бастау күні туралы басқа Тарапқа дипломатиялық арналар арқылы хабарлама жібереді.

8-бап

Тараптардың өзара келісімі бойынша осы Келісімге оның ажырамас бөліктері болып табылатын және жекелеген хаттамалармен ресімделетін өзгерістер мен толықтырулар енгізілуі мүмкін.

9-бап

Осы Келісімді түсіндіруге және орындауға қатысты даулы мәселелер Тараптар арасындағы консультациялар және келіссөздер жолымен реттеледі.

10-бап

1. Осы Келісім дипломатиялық арналар арқылы оның күшіне енуі үшін қажетті мемлекетішілік рәсімдерді орындағаны туралы Тараптардың соңғы жазбаша хабарламасы алынған күнінен бастап күшіне енеді.

2. Осы Келісім белгіленбеген мерзімге жасалады. Тараптардың әрқайсысы дипломатиялық арналар арқылы басқа Тарапқа бұл туралы жазбаша нысанда хабарлай отырып, осы Келісімнің қолданысын біржақты тәртіппен тоқтата алады. Бұл жағдайда осы Келісім мұндай хабарлама алынған күнінен бастап алты (6) ай өткен соң қ о л д а н ы с ы н т о қ т а т а д ы .

2012 жылғы "___" мамырда Астана қаласында әрқайсысы қазақ, қырғыз және орыс тілдерінде екі данада жасалды, әрі барлық мәтіннің де күші бірдей.

*Қазақстан Республикасының
Үкіметі үшін*

*Қырғыз Республикасының
Үкіметі үшін*